



2019 жылдын 12 карашасы күні сағат 13.30-да С.Жиенбаев атындағы облыстық жасоспірімдер кітапханасы «Ақ қауырсын» клубының мүшелерімен бірге Дарынды жасоспірімдерге арналған Ақтобе облыстық мамандандырылған «Білім-инновация» лицей интернатында жазушы, драматург Бейімбет Майлиннің туганына 125 жыл толуына орай «Үлт мақтанышы – Бейімбет Майлин» атты танымдық сағатын өткізді.

Максаты: Бейімбет Майлиннің шығармалары мен өлеңдерін жастар арасында насихаттау, көпшілікті кітап оқуға тарту.

Шара барысында кітапхана қызметкері қаламгердің өмір жолын, қазақ әдебиетіне қалдырған мұрасы жөнінде мәлімет берді. Іс-шарада оқушылар жазушының туындыларын өзара талдап, айтар ойларын ортаға салды. Сұрақ-жауап әдісімен ойын ойнатылды. Жастар танымдық сағаттан келелі ой түйіп таркасты. Шарада «Үлт мақтанышы – Бейімбет Майлин» кітап көрмесі жасакталып, көрмеге билиографиялық шолу жасалды. Тақырыпқа сай слайд көрсетілді.

«Ұлт мақтанышы – Бейімбет Майлин» атты танымдық сағат

Автор: Administrator
12.11.2019 00:00 -

